**2024-2025 оқу жылындағы кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша**

**қорытынды есеп**

2024 оқу жылында Шәкәрім атындығы жалпы білім беретін мектебінде кәсіби бағдар беру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылып, жоспарға сәйкес жүргізілді. Жыл басында кәсіби бағдар жұмысының жылдық жоспары құрылып, мектеп әкімшілігімен бекітілді. Барлық іс-шаралар оқушылардың жас ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына және қабілеттеріне сай жүргізілді.

Жыл бойы 7–11 сынып оқушылары арасында түрлі сауалнамалар мен психологиялық зерттеулер жүргізіліп, олардың мамандық таңдауға дайындығы мен қызығушылығы анықталды. Бұл жұмыстар нәтижесінде көптеген оқушылар өз бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес келетін болашақ мамандықтар туралы нақты ой түйіп, таңдауларын саналы түрде жасай бастады.

Сонымен қатар, жеке кәсіби кеңес беру жұмыстары ұйымдастырылып, мамандық таңдауда қиындық көріп жүрген оқушыларға жеке көмек көрсетілді. Психолог пен кәсіби бағдар берушінің бірлескен жұмысының нәтижесінде ата-аналармен де байланыс орнатылып, мамандық таңдауға қатысты ата-аналардың да пікірі ескерілді.

Оқушылардың кәсіби бағдарын нығайту мақсатында тренингтер, дөңгелек үстелдер, сұхбаттар мен шығармашылық тапсырмалар (эссе жазу) өткізілді. «Мен және менің мамандығым», «Мамандық таңдаудағы кең таралған қателіктер», «Мамандық өмір таңдауы» атты іс-шаралар оқушылардың қызығушылығын тудырып, оларды белсенділікке ынталандырды.

Мамыр айында барлық атқарылған жұмыстарға талдау жасалып, қорытынды есеп дайындалды. Жүргізілген шаралардың барлығы оқушылардың кәсіби бағдарлануына оң әсерін тигізіп, мамандық әлемі туралы кең мағлұмат алуға мүмкіндік берді.

**Қорытындылай келе, мектепте жүргізілген кәсіби бағдар жұмыстары мақсатқа сай жүзеге асырылып, оқушылардың болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға дайындығы артқаны байқалды. Алдағы уақытта бұл жұмысты жетілдіру үшін жоғары оқу орындары мен колледж өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру, кәсіпорындарға экскурсиялар өткізу және ата-аналармен бірлескен семинарлар жүргізу ұсынылады.**

**Жауапты:**
Кәсіби бағдар беруші – *Мусина Н.А.*

**АбаҚұнанбаев атындағы Сарань жоғары гуманитарлық колледж** мамандарымен 9-11 сыныып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды.









Биология - жер бетіндегі тірі ағзалардың сан алуан
түрлерін зерттейтін тіршілік туралы ғылым.


Биология - жер бетіндегі тірі ағзалардың сан ал
түрлерін зерттейтін тіршілік туралы ғылым



"Кәсіби бағдар" бойынша 11"Б"сынып оқушылары Сарыарқа дарынымен

Онлайн түрде кездесуі өтті.











